

Бекітілген
МжҚСпҚМ кеңесінің
отырысында
«22» мамыр 2020 ж. № 7
Төраға

_____ А. Нурша

**БВ03201 – «Қоғаммен байланыс»
білім беру бағдарламасына оқуға түсу үшін тапсырылатын
шығармашылық емтихан туралы
ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен «Жоғары білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын оқу орындарына оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне» сәйкес **БВ03201 - «Қоғаммен байланыс» білім беру бағдарламасына қабылдау үшін** шығармашылық емтихан тапсыру тәртібін реттейді.

БВ03201 - «Қоғаммен байланыс» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриатқа түсетін талапкер бірінші және екінші бейіндік пән ретінде екі шығармашылық емтихан тапсырады. ЖОО-ға түсуде шығармашылық емтиханды тапсыру кезінде аталған мамандыққа сәйкес шығармашылық тұрғыда ойлау, аудиторияның назарын аудару және презентация жасап таныстыра білу қабілеттері болу керек. Шығармашылық емтихандар талапкердің аталған мамандыққа бейімділігін, шығармашылық қасиетті игеруін анықтауға бағытталған. Шығармашылық емтихандарды өткізуде қойылатын талаптар орта немесе орта арнаулы білім бағдарламасына сәйкес бағаланады.

Шығармашылық емтихандардың мақсаты - талапкердің «Қоғаммен байланыс» білім беру бағдарламасында оқуға дайындығын бағалау болып табылады.

Міндеттері:

- ізденушінің шығармашылық әлеуетін бағалау;
- жазбаша және ауызша білімі мен қарым-қатынас жасай білу дағдыларын анықтау;
- осы білім беру бағдарламасына түсу мотивациясын және оқу бітіргеннен кейін мамандық бойынша жұмыс істеуге деген ұмтылысын анықтау.

Әр шығармашылық емтихан тапсырғаны үшін 40 балл қойылады.

Аталған шығармашылық емтиханды ректордың бұйрығымен емтихан кезеңіне тағайындалған профессор-оқытушылар құрамынан тұратын комиссия қабылдайды. Олардың саны тақ саннан тұрады, оның төрағасы да тағайындалады. Комиссияның шешімі емтиханға қатысушылардың көпшілік дауысымен шешіледі. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Шығармашылық емтиханның кестесін (емтиханның түрі, күні, уақыты және орны) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және талапкерлердің назарына ұсынылады. Шығармашылық емтиханға талапкердің жеке басын куәландыратын құжаты және қабылдау комиссиясының берген рұқсаты ұсынылғаннан кейін кіргізіледі. Шығармашылық емтихан басталар алдында талапкерлерге емтихандағы парақтарды толтыру тәртібі, жазбаша жұмыстардың көлемі түсіндіріледі. Шығармашылық емтиханның басталу / аяқталу уақыты айтылады, емтихан қорытындысын жариялау уақыты мен орны, апелляцияға өтініш беру тәртібі де түсіндіріліп айтылады.

1- шығармашылық емтихан жазбаша түрде болады, берілген тақырып бойынша шығарма жазу өткізіледі.

Берілген тақырып бойынша әр талапкер жеке пікірін, алған әсерін, ойын жазып көрсетеді. Шығарманы жазу стилі – көркем әдеби стиль немесе публицистикалық стильде болуы тиіс. Сонымен қатар мектеп бағдарламасының лексикалық, морфологиялық және синтаксистік нормалары сақтала отырып жазылуы керек. Жазба жұмысына қойылатын негізгі талап - берілген тақырыпты аша білуі қажет, ойын дұрыс дәлелдеу, сонымен қатар жазба жұмысының құрылымы дұрыс болуы керек. Берілетін тақырыптар емтихан өтетін күні жарияланады. Барлығы 5 тақырып ұсынылады.

Бағалау талаптары:

- шығарманың мазмұны - идеясы жаңашыл, сипатталған тақырыпты түсіну, нақты идея айту, тақырыпты ашу кезінде дәлелді, сенімді фактілер келтіру; тақырыптың өзіндік айрықша белгілері болу, жазу барысында көрсетілген әр түрлі оқиғалардың үйлесімі, сипатталатын тақырыппен байланысы - 15 баллға дейін беріледі;

- өзіндік ерекшелігі - мәтіннің құрылысында қызықты формаларды қолдану, оқиғаларды, фактілерді, жағдайларды, адамдарды, эмоционалды түрде бейнелеу, өзіндік ерекшелігі болуы тиіс. Қайталанбастай ерекшелік - бұл жаңашылдық пен дәстүрдің үйлесімділігі, даралық пен қалыпты жағдайдың бірлесуі, таңдалған шығарманы ерекше етіп баяндап жазады- 15 баллға дейін баға қойылады

-сауаттылық – берілген тақырыпты дұрыс стильде жазу; талапкердің сыни тұрғыда ойлауы, жазуы және оқу дағдылары, шығарманы оқығанда түсінікті және қарапайым жазу қабілеті бағаланады - 10 баллға дейін

қойылады.

Шығарманың көлемі - 4 бет (2 парақ).

Шығарманы жазу уақыты - 3 астрономиялық сағат.

Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан тапсырған күні жарияланады. Бағалар қойылып, талапкерлер олармен танысқаннан кейін бағамен келіспеген жағдайда апелляцияға жазбаша өтініш беруге құқылы. Өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жазылады және нәтижелер жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады. Өтініштерді апелляциялық комиссия бір жұмыс күні ішінде қарайды. Апелляциялық комиссия өтініш берушілердің жұмыстарын белгіленген тәртіп бойынша қарастырады. Апелляциялық комиссияның жұмысы хаттамаға ресімделіп, жазылады. Оған төраға және комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Тексерілген жазбаша жұмыс, комиссия мүшелерінің қолдарымен расталып, талапкердің жеке құжаттарына салынады.

2-ші шығармашылық емтихан аталған мамандыққа кәсіби бейімділігін анықтау үшін ауызша сұхбат түрінде өткізіледі.

Кәсіби қабілетін көрсету үшін сұхбат түрінде өткізіледі. Талапкердің қоғаммен байланыс Public Relations (PR) саласындағы өз түсінігін кейс түрінде жариялап айтуы, оқиғаны талдауы және оған ақпараттық көзқарасы, өз пікірін дайындап көрсетуі (егер мен осы компанияның PR-менеджері болсам не істеймін) керек.

Жауап беру уақыты: 15 минут.

Бағалау талаптары:

- кейстің сапасы – PR-пікірдің маңызы, экономикаға әсері, салалық күзиреттілікті дамыту үшін маңыздылығы, әртүрлі тұжырымдарды дәлелдеуі, іс-әрекетте сипатталған себеп-салдарды түсіндіру, шартты, мақсатты және басқа логикалық байланысты түсіну және оған ақпарат айта отырып жауап беру - 15 баллға дейін қойылады;

- жүйелі тәсілмен ойын жеткізу, компанияның іс әрекетін, стратегиясы мен тактикасын сипаттау, шығармашылық тұрғыда ойлау логикасын бағалау - 15 баллға дейін қойылады;

- тұлғаға бағытталған көзқарас - өз шешімін ұсына алу, оның артықшылықтарын дәлелдеп жеткізу; бастамашылдық көзқарас білдіру, талапкердің пассивтік деңгейден белсенді деңгейге ауысуы - 10 баллға дейін қойылады.

Сұхбаттасу уақыты 10-15 минутты құрайды, комиссия мүшелерінің сұрақтары мен жауап алуға 5 минут бөлінген.

2-ші шығармашылық емтихан қорытындысы бойынша апелляция жоқ, өйткені ол ауызша және комиссияның барлық құрамы қабылдайды.

2-ші шығармашылық емтиханнан өткендердің барлығына хаттама

толтырылады, оған нөмір қойылып, комиссия мүшелері қол қояды және жеке іс қағазына тіркеледі.

Шығармашылық емтиханда 15 балдан аз алған немесе оған қатыспаған адамдар аталған білім беру бағдарламасына жіберілмейді.

Шығармашылық емтиханға өтініштер биылғы жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі аралығында қабылданады. Шығармашылық емтихандарды тапсыру мерзімі - ағымдағы жылдың 8 шілдесі мен 13 шілдесінің аралығында болады.

Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Шығармашылық емтихан тапсыру үшін талапкерлердің өтініштері өзі тұратын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемесінде қабылданады.

Талапкерлердің барлық жұмыстары және шығармашылық емтихандарды тапсырған кездегі хаттамалары, апелляциялық комиссия құжаттары талапкердің жеке ісіне тіркеу үшін белгіленген тәртіп бойынша Алматы Менеджмент Университетінің қабылдау комиссиясына тапсырылады.

Емтиханды он-лайн форматта тапсыру

2020 жылы шығармашылық емтихан ZOOM онлайн платформасы арқылы қашықтық форматта өтеді. Осыған байланысты шығармашылық емтиханға қатысуға өтініш берген талапкер қосымшаны жүктеуді және кестеге сәйкес шығармашылық емтиханға уақытында қатысуды өз мойнына алады. Сондай-ақ, өтініш беруші өзінің техникалық жабдықтарының, соның ішінде микрофон мен веб-камераның дұрыс істейтіндігіне жауапкершілік алады.

Емтиханның *бірінші кезеңіне* қатысу үшін өтініш беруші белгіленген уақытта ZOOM бейнеконференциясына университеттің қабылдау комиссиясының өкілдері жіберген сілтеме бойынша қосылуға міндетті. Қосылар кезде талапкер өзінің аты-жөнін толық көрсетуі керек. Лақап аттарды немесе басқа қасқарған атаулар пайдаланылмайды. Талапкердің жеке куәлігі болуы керек. Емтиханға ұсынылған тақырыптарды тізімнен таңдағаннан кейін талапкер шығарма жазуды бастайды. Турдың соңында талапкер жазған шығармасының сканерленген электронды нұсқасын мына электронды мекенжайға rim.abdulin@almu.edu.kz «шығармашылық емтихан» деп жазып жіберуі керек.

Шығармашылық емтиханның *екінші турына* қатысу үшін талапкер белгіленген күн мен уақытта университеттің қабылдау комиссиясының өкілдері жіберген ZOOM сілтемесін басып кіруі міндетті. Талапкердің жеке

куәлігі болуы керек. Емтихан кезінде үміткерге қосымша жазбаша, аудио және баспа материалдарын, веб-браузерде парақтарды ашуға және Интернет материалдарын пайдалануға тыйым салынады.

Компьютерлік жүйенің талаптары:

- Интернетке қосылған - (кең жолақты) сымды немесе сымсыз (3G немесе 4G / LTE)
- Динамик және микрофон - USB немесе сымсыз Bluetooth жалғану
- Веб-камера немесе HD-веб-камера – немесе USB қосылған
- HD-камера немесе картасы бар HD-видеокамера

Рұқсат етілген операциялық жүйесі

- Mac OS X с MacOS 10.7 немесе одан кейін шыққан нұсқасы
- Windows 10
- Windows 8 немесе 8.1
- Windows 7
- Windows Vista жаңартылған нұсқасы 1 немесе одан кейін шыққан нұсқасы
- Windows XP жаңартылған нұсқасы 3 немесе одан кейін шыққан нұсқасы Мята 17.1 немесе одан да жоғары
- Red Hat Enterprise Linux 6.4 немесе одан жоғары
- Oracle Linux 6.4 немесе одан жоғары
- CentOS 6.4 немесе одан жоғары
- ArchLinux (тек 64-бит нұсқасы)

Қолдануға болатын планшеттер мен мобильді құрылғылар

- Surface PRO 2 жұмыс істейді Win 8.1
- Surface PRO 3 жұмыс істейді Win 10
- Құрылғы iOS и Android
- Құрылғы Blackberry

Қолдануға болатын браузерлер

- Windows: IE 11+, Edge 12+, Firefox 27+, Chrome 30+
- Mac: Safari 7+, Firefox 27+, Chrome 30+
- Linux: Firefox 27+, Chrome 30+

Процессор талаптары мен жедел жады шарттары

	Минималды	Ұсынылады
Процессор	Бір ядролы 1 ГГц немесе одан жоғары	Екі ядролы 2 ГГц немесе одан жоғары (i3

		/ i5 / i7 немесе (AMD)
Жедел жады	-	4ГБ

Ескерту: ОС Linux –ты пайдалану үшін процессор немесе OpenGL 2.0 ұстайтын видеокарта керек.

Жоғары DPI ұстауы қажет

- Zoom 3.5 қолдану үшін жоғары талаптары бар дисплей пайдаланылады

Техникалық талаптар

- Қатысушылар желіде жақсы байланыс орнату үшін Zoom қолданады. Талапкер қосылғанда автоматты түрде 3G, WiFi қосылады.

Конференция қатысушылары мен веб-семинар қатысушыларына техниканы қолданудағы талаптар:

Видеоконференция үшін 1: 1:

- Жоғары сапалы видео үшін 600 кбит/с
- Видео анық көрсету үшін 720р бар 1,2 Мбит/с
- HD-видео –мен көру үшін 1080р талап етіледі: 1,3 Мбит/с
- HD-видео жіберу үшін 1080р талап етіледі 2,8 Мбит/с

Топ болып видеоконференция өткізу үшін:

- Жоғары сапалы видео үшін 600 кбит/с / 1,2 Мбит/с
- Галерея режимі үшін және /немесе 720р HD-видео: 1,5 Мбит/с / 1,5 Мбит/с
- HD-видео көру үшін 1080р талап етіледі 2,5 Мбит/с
- 1080р HD жіберу үшін талап етіледі 3,0 Мбит/с
- Экран арқылы көру үшін (мини-видео емес): 50-75 кбит/с
- Мини-видео бар экран арқылы көру үшін: 50-150 кбит/с
- Аудио шығу үшін VoIP: 60-80 кбит/с